

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қыркүйек N 858. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде түсті металлургияның мемлекеттік кәсіпорындарының акционерлік қоғамдары мен ұйымдарының құрамында қосымшаға сәйкес "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясын құру жөніндегі құжаттардың пакетін әзірлесін.

2. "Қазақстантүсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының құрылуына байланысты Қазақ мемлекеттік түсті металдар өндірісі жөніндегі "Қазтүстімет" корпорациясы таратылсын.

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы Қазақ мемлекеттік түсті металдар өндірісі жөніндегі "Қазтүстімет" корпорациясының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы атқарушы аппаратының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүліктерін, сондай-ақ мемлекеттік холдинг компанияларының құрамына кірмеген бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттеріне иелік ету, пайдалану мен басқару құқығын табыстасын.

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына мемлекеттік холдинг компанияларының акциялары берілсін.

Мемлекеттік холдинг компанияларына кірмеген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендіру барысына қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткізетін акциялар пакетін қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері Компаниялардың иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

4. "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына:

Қазақстанның түсті металлургиясын дамытудың басым және стратегиялық бағыттарын, оның техникалық прогресін, стандарттау мен экология, минералдық шикізат ресурстарын кешенді игеру саласындағы маңызды бағдарламаларды әзірлеу;

түсті және сирек металдар өндірісімен шұғылданатын холдинг компанияларының, акционерлік қоғамдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, өндірістік шаруашылық және экономикалық қызметін үйлестіру;

өндірістік бағдарламаларды әзірлеу және металдар өндірісінің біртұтас технологиялық балансын жасау, мемлекеттік мұқтажы үшін тапсырыс мөлшерін белгілеу;

түсті металлургия кәсіпорындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, құрылыстарды жарақтандыру, түсті металлургия өнімдерінің маркетингі мен өткізілуі, өндірісті әртараптандыру мен коммерциялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Компания құрамына кіретін мемлекеттік холдинг компанияларының акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындардың өндірген өнімдерінің экспортына квоталар беру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу, олардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіру;

сала ішінде ортақ мүдде үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру есебінен холдинг компаниялары акционерлік қоғамдар мен ұйымдар арасында қаржы ресурстарымен амалдар жасауды жүзеге асыру, салалар ішінде бағаларды әзірлеу ;

жалпы сұранымдағы тауарлар шығаруды ұйымдастыру, жөндеу өнімдерін өндіру мен беріп тұру жөнінде кооперация ұйымдастыру;

мемлекеттік холдинг компанияларының құрамына кірмеген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау мен бекіту жүктелсін.

5. "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы бұрын құрылған мемлекеттік холдинг компанияларының, акционерлік қоғамдарының бақылаушы кеңестерінің құрамдарына өз өкілдерін тағайындап, олардың бұрынғы басшыларын қалдырсын.

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы мен оның құрамына кіретін мемлекеттік холдинг компанияларының басшыларын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14

шілдедегі N 606 қаулысында белгіленген тәртіппен

жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік басқару органдары, жергілікті әкімдер "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының, сондай-ақ оның құрамына кіретін мемлекеттік холдинг компаниялары мен кәсіпорындарының қызметіне байланысты мәселелерді жедел шешуге жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 9 қыркүйектегі
N 858 қаулысына
қосымша

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының құрамына кіретін мемлекеттік холдинг компанияларының, акционерлік қоғамдардың өндірістік бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың нақтыланған

Т І З Б Е С І

<*>

"Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясы, Өскемен қаласы "Ақсұңқар" мемлекеттік холдинг компаниясы, Шымкент қаласы "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы, Жезқазған қаласы "Өскемен титан-магний холдинг комбинаты", Өскемен қаласы "Лениногор полиметал комбинаты" акционерлік қоғамы, Лениногор қаласы "Қазвольфрам" өндірістік бірлестігі, Жезқазған облысындағы Ақшатау поселкесі Алматы "Энерготүстімет" арнаулы кәсіпорны, Алматы қаласы "Тұсма" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы "Отырар" қызметкерлерді жабдықтау акционерлік қоғамы, Алматы қаласы "Қазқайталаматүстімет" өндірістік бірлестігі, Алматы қаласы Кемпірсай кен басқармасы, Ақтөбе облысының қалалық үлгідегі Баташы поселкесі

Қайрақты кен-металлургия комбинаты, Жезқазған облысының қалалық
үлгідегі Қайрақты поселкесі

Шалқия кен басқармасы, Қызылорда облысының қалалық үлгідегі
Шалқия поселкесі

ТүстіметШҒЗИ институтының тәжірибелі қорғасын зауыты, Өскемен қаласы
ТүстіметШҒЗИ институты, Өскемен қаласы

Қазтүстіметмемжоба институты, Өскемен қаласы

Қазмеханообр институты, Алматы қаласы

Қазтүстімет ҒЗЖИ институты, Алматы қаласы

Қазақ Республикалық сыртқы экономикалық "Қазметаллэкспорт"
бірлестігі, Алматы қаласы

Әскери күзеттің аумақтық бөлімі, Алматы қаласы

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 30.05.1994 ж.

№ 576 қаулысымен.